

"Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін айқындау, тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру және тоқтату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 1727 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 сәуірдегі № 217 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 11 маусымдағы № 487 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 11.06.2026 № 487 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін айқындау, тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру және тоқтату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 1727 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 6, 137-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін айқындау, тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру және тоқтату қағидалары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 24 сәуірдегі
№ 217 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 1727 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 101-1-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау тәртібін айқындайды.

Осы Қағидалар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің әскери қызметшілеріне де қолданылады.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) тұрғын үй төлемдері – тұрғын үй төлемдерін алушыларға қызметтік тұрғынжай берудің орнына, сондай-ақ Заңның 13-1-тарауында көзделген жағдайларда бюджет қаражаты есебінен арнайы ақшалай қамтамасыз ету түрінде төленетін, өңірлер және отбасы құрамы бойынша сараланған ақша;

2) ағымдағы тұрғын үй төлемдері – тұрғын үйге мұқтаж болып танылған арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне (бұдан әрі – қызметкерлер) тұрғын үйге мұқтаж деп тану және тұрғын үй төлемдерін тағайындау туралы баянатты тіркеген күннен бастап ай сайынғы негізде, сондай-ақ Заңның 101-1-бабының 7 және 8-тармақтарында көзделген жағдайларда жүзеге асырылатын және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептелетін төлемдер ;

3) біржолғы тұрғын үй төлемдері – Заңның 101-1-бабының 5 және 6-тармақтарында, сондай-ақ 101-9-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жүзеге асырылатын және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептелетін біржолғы сипаттағы төлемдер;

4) жеке арнайы шот – тұрғын үй төлемдерін аудару және төлемдерді Заңның 101-5-бабында көзделген мақсаттарға жүзеге асыру үшін қызметкерлердің таңдауы бойынша олар екінші деңгейдегі банкте (бұдан әрі – банк) ашатын ағымдағы банктік шот;

5) тұрғынжайдың пайдалы алаңы – тұрғынжайдың тұрғын алаңы мен тұрғын емес алаңының жиынтығы;

6) мекемелер – қызметкерлері тұрғын үй төлемдерін алушылар болып табылатын мемлекеттік мекемелер;

7) тұрғын үй комиссиясы – қызметкерлерді тұрғын үйге мұқтаж деп тану және тұрғын үй төлемдерін тағайындау мәселелерін және тұрғын үй қатынастары бойынша басқа да мәселелерді қарау үшін мекеме басшысының шешімімен құрылатын комиссия. Тұрғын үй комиссиясы туралы ережені және оның құрамын осы Қағидаларда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, мекеме басшысы бекітеді;

8) қызметкерге тұрғын үй төлемдерін тағайындау үшін оны тұрғын үйге мұқтаж деп тану күні – тұрғын үй төлемдерін тағайындау үшін қызметкер тұрғын үйге мұқтаж деп танылатын баянат тіркелген күн, оны мекеменің тұрғын үй комиссиясы айқындайды;

9) жауапты құрылымдық бөлімше – тұрғын үйге мұқтаж деп танылған қызметкерлерді есепке алу жөніндегі функциялар жүктелген мекеменің бөлімшесі.

3. Тұрғын үй төлемдерін алушыларға Заңның 13-1-тарауында көзделген жағдайларда оларды алып жүрген қызметкерлер жатады.

Тұрғын үй төлемдерін пайдалану жолымен тұрғын үйді жеке меншікке сатып алу құқығын қызметкерлер бір рет жүзеге асырады.

Егер ерлі-зайыптылардың екеуі де қызметкер және (немесе) әскери қызметші болатын болса, онда тұрғын үй төлемдері жұбайының (зайыбының) қызмет орны туралы анықтаманы ұсынуымен баянаттың негізінде ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша олардың тек біреуіне жүргізіледі.

4. Қызметкерді Заңның 101-3-бабында белгіленген тәртіппен, сондай-ақ Заңның 101-1-бабының 7-тармағында көзделген жағдайларда тұрғын үйге мұқтаж деп тану оған тұрғын үй төлемдерін тағайындау негіздемесі болып табылады.

5. Жүктілігі және босануы, бала күтімі бойынша қосымша демалыстарда, іссапарда, оқуда, емделуде болған қызметкерлерге тұрғын үй төлемдері жалпы негіздерде жүзеге асырылады.

6. Қызметкердің отбасы мүшелеріне жататын адамдарды айқындау Заңның 101-10-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Тұрғын үй төлемдерін алушылар болып танылған қызметкерлердің есебін мекеменің жауапты құрылымдық бөлімшесі жүргізеді.

8. Тұрғын үй төлемдерін алушыларға төленуге тиіс соманы есептеуді мекеменің жауапты құрылымдық бөлімшелері жасаған тізімдердің негізінде мекеменің қаржы бөлімшесі жүргізеді.

9. Тұрғын үй төлемдері қатаң нысаналы мақсатта болады және қызметкер Заңның 101-5-бабында көзделмеген басқа да мақсаттарға пайдалана алмайды.

10. Тұрғын үй төлемдерін мекеме тұрғын үй төлемдерін алушының жеке арнайы шотына аударғаннан басқа пайдалана алмайды.

Мекеме жоспарлаған, бірақ ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайдаланылмаған тұрғын үй төлемдерінің сомасы жойылады.

11. Қаза табуына немесе қайтыс болуына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз кеткен деп танылуына немесе қайтыс болған деп жариялануына байланысты қызметкерді жеке құрам тізімінен алып тастаған жағдайда оның отбасы мүшелері, ал олар болмаған жағдайда мұрагерлері жеке арнайы шотындағы тұрғын үй төлемдерін Заңның 101-5-бабында көзделген мақсаттарға пайдалануға құқылы. Бұл ретте мұндай қызметкердің жеке арнайы шоты тұрғын үй төлемдері толық пайдаланылғаннан кейін жабылады.

Қызметкердің жеке арнайы шотын жабу "Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2-тарау. Тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу тәртібі

12. Ағымдағы тұрғын үй төлемдерінің мөлшері қызметкер қызмет өткеріп жатқан Қазақстан Республикасының тиісті өңірінде абаттандырылған тұрғын үйдің бір шаршы метрін жалға алудың құнын тұрғын үйдің алаңына көбейту арқылы есептеледі. Тұрғын үй алаңы арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің өзін қоса алғанда, отбасы мүшелерінің әрқайсысына он сегіз шаршы метр пайдалы алаң есебінен айқындалады.

13. Қазақстан Республикасының тиісті өңіріндегі абаттандырылған тұрғын үйдің бір шаршы метрін жалға алу құнының мөлшері мемлекеттік статистика

саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланған ағымдағы жылғы қаңтардағы жағдай бойынша деректерге сәйкес белгіленеді.

Абаттандырылған тұрғын үйдің бір шаршы метрін жалға алу бағасының мөлшері әрбір қаржы жылының басында белгіленеді және өзгерту мен түзетуге жатпайды.

14. Елді мекен бойынша статистикалық деректер болмаған жағдайда абаттандырылған тұрғын үйдің бір шаршы метрін жалға алу бағасының мөлшері – аудан орталығының статистикалық деректері бойынша, ал аудан орталығында статистикалық деректер болмаған жағдайда облыс орталығының статистикалық деректері бойынша белгіленеді.

15. Заңның 101-1-бабының 5-тармағында көзделген негіздеме бойынша берілетін біржолғы тұрғын үй төлемінің мөлшері ағымдағы жылғы қаңтардағы жағдай бойынша қызметкер қызмет өткеріп жүрген Қазақстан Республикасының тиісті өңіріндегі абаттандырылған тұрғын үйдің бір шаршы метрін жалға алу құнының мөлшерін оның өзгеруін ескере отырып, әрбір отбасы мүшесіне он сегіз шаршы метр пайдалы алаң есебінен тұрғын үй алаңына және тұрғынжайға мұқтаж мәртебесінде тұрған айларының санына көбейту арқылы айқындалады.

Бұл ретте біржолғы тұрғын үй төлемдерін алу үшін тұрғын үйге мұқтаж мәртебесінде болу кезеңі ұлттық қауіпсіздік органдарының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің және сыртқы барлау саласындағы уәкілетті органның мекемелерінде, сондай-ақ Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар мекемелерінде қызмет өткеру кезеңінде тұрғын үйге мұқтаж деп танылған күннен бастап белгіленеді.

Аталған күнді белгілеу мүмкіндігі болмаған жағдайда, ұлттық қауіпсіздік органдарының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің және сыртқы барлау саласындағы уәкілетті органның мекемелерінде, сондай-ақ Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар мекемелерінде қызмет өткеру кезеңінде оны тұрғын үйге мұқтаж деп тану туралы алғашқы баянат берілген күннен бастап белгіленеді.

Осы тармақ арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің оларды тұрғын үйге мұқтаж деп таныған күннен бастап 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін тұрғын үй төлемдерін алуы бөлігінде тұрғын үйді купондық тетік арқылы жекешелендіруді жүзеге асырған қызметкерлерді қоспағанда, бұрын мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жекешелендіру құқығын іске асырған қызметкерлерге қолданылмайды.

16. Егер арнаулы мемлекеттік органның қызметкерін қызметтен шығаруға қызмет өткеру кезеңінде алған, әскери-дәрігерлік комиссия қызметкерді есептен

шығара отырып, қызметке жарамсыз деп таныған мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузиясы) немесе ауруы себеп болса, оған тұрғын үй төлемдері біржолғы ақшалай өтемақы түрінде аударылады.

Біржолғы ақшалай өтемақының мөлшері бұрын жүзеге асырылған тұрғын үй төлемдерінің сомасы шегеріле отырып, қызметкерді қызметтен шығару кезіндегі оның отбасы құрамына сәйкес келетін пайдалы алаң нормасын мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланатын ағымдағы жылғы қаңтардағы деректеріне сәйкес қызметкер қызмет өткерген Қазақстан Республикасының тиісті өңірінде жаңа тұрғынжай сатудың бір шаршы метрінің бағасына көбейту арқылы айқындалады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдері, егер мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузиясы) немесе ауруы арнаулы мемлекеттік органның қызметкері құқыққа қайшы әрекеттер жасаған кезде немесе алкогольдік, есірткілік, психотроптық, уытқұмарлық (сол тектестерден) масандануы немесе өзіне қандай да бір дене зақымын (өзінің дене мүшесіне зақым келтіру) немесе өз денсаулығына өзге де зиян келтіру себебінен болғаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дәлелденсе, төленбейді.

Бұл ретте осы Қағидалардың 15 және 16-тармақтарында көзделген төлемдер біржолғы сипатқа ие болады және қызметкер жұмыстан босатылғаннан кейін жеке құрам тізімінен шығарылғанға дейін жүргізіледі.

17. Қызмет өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің отбасы мүшелеріне тұрғын үй төлемдері біржолғы ақшалай өтемақы түрінде жүргізіледі. Біржолғы ақшалай өтемақының мөлшері бұрын жүзеге асырылған тұрғын үй төлемдерінің сомасы шегеріле отырып, арнаулы мемлекеттік органның қызметкері қаза тапқан кездегі отбасы құрамына сәйкес келетін пайдалы алаң нормасын мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланатын ағымдағы жылғы қаңтардағы деректеріне сәйкес ол қызмет өткерген Қазақстан Республикасының тиісті өңірінде жаңа тұрғынжай сатудың бір шаршы метрінің бағасына көбейту арқылы айқындалады.

Осы Қағидалардың 15, 16 және 17-тармақтарында көзделген біржолғы төлемдердің мөлшерін есептеу үшін елді мекен бойынша статистикалық деректер болмаған жағдайда бір шаршы метрдің бағасы – аудан орталығының статистикалық деректері бойынша, ал аудан орталығында статистикалық деректер болмаған жағдайда облыс орталығының статистикалық деректері бойынша белгіленеді.

18. Заңның 101-9-бабы 2-тармағының бірінші бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдері, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметкердің қаза табуы (қайтыс болуы):

1) өзіне-өзі қол жұмсауға дейін жеткізген жағдайларды қоспағанда, өзіне-өзі қол жұмсауы нәтижесінде;

2) қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде;

3) алкогольдік, нашақорлық, психотроптық, уытқұмарлық (сол тектестер) масаң күйге ұшырататын заттарды қолдану нәтижесінде;

4) біржолғы өтемақы алу немесе қызметтен жалтару мақсатында өзіне-өзі қандай да бір дене жарақатын (өзінің дене мүшесіне зақым келтіру) немесе өзінің денсаулығына өзге де зақым келтіру нәтижесінде;

5) арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің қызмет өткеру туралы келісімшарт талаптарын бұзатын әрекеттерінің нәтижесінде болғаны дәлелденсе, біржолғы ақшалай өтемақы төленбейді.

Қызметкерлердің арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеру кезеңінде қаза табуының (қайтыс болуының) және қызмет өткеру кезеңінде науқастануының себепті байланысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады.

19. Тұрғын үй төлемдерін алушыда Заңның 101-5 бабының 1), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген мақсаттарға, сондай-ақ кейіннен сатып алатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеуге жасалған шарт бойынша міндеттемелер болған жағдайда оның жеке арнайы шотына аударылған біржолғы тұрғын үй төлемдері көрсетілген міндеттемелерді мерзімінен бұрын өтеуге жіберіледі.

20. Қызметкердің тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін тұрғын үй алаңы Заңның 101-1-бабының 1-тармағына сәйкес белгіленген тұрғынжайдың пайдалы алаңының нормасы мен қызметкерге мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайдың немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайдың пайдалы алаңының арасындағы айырма ретінде отбасы мүшелері ескеріле отырып, айқындалады.

21. Қызметкер үміттеніп отырған тұрғын үй аумағының есебі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша айқындалады.

3-тарау. Тұрғын үй төлемдерін тағайындау тәртібі 1-параграф. Тұрғын үй төлемдерін тағайындауға арналған құжаттарды қарау

22. Тұрғынжайға мұқтаж деп тану және тұрғын үй төлемдерін тағайындау үшін қызметкер қызмет өткеретін орны бойынша мекеменің тұрғын үй комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) мекеменің бірінші басшысының не ол белгілейтін лауазымды адамның атына оны тұрғынжайға мұқтаж деп тану және оған тұрғын үй төлемдерін тағайындау туралы баянат.

Біржолғы тұрғын үй төлемдерін алу үшін қызметкер Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарының, Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар мекемелерінде қызмет өткеру кезеңінде тұрғын үйге мұқтаж деп танылғанын растайтын құжаттарды қосымша ұсынады.

Біржолғы тұрғын үй төлемдерін алу үшін Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының, Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар мекемелерінде қызмет өткеру кезеңінде тұрғын үйге мұқтаж деп танылғанын растайтын құжаттарды беру мүмкіндігі болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының, Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар мекемелерінде қызмет өткеріп жүрген кезеңде оны тұрғын үйге мұқтаж деп тану туралы алғашқы баянатының көшірмесі беріледі;

2) баянат тіркелген күнге дейін күнтізбелік он күн ішінде отбасы құрамы бойынша алынған Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлкінің жоқ (бар) екені туралы әділет органының анықтамасы;

3) баянат тіркелген күнге дейін күнтізбелік он күн ішінде отбасы құрамы бойынша коммуналдық тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайының бар немесе жоқ екені туралы жергілікті атқарушы органның анықтамасы;

4) қызмет орнынан отбасы құрамы, жұбайы (зайыбы) мемлекеттік мекеменің немесе мемлекеттік кәсіпорынның жұмыскері болып табылған жағдайда мемлекеттік мекеменің кадр бөлімшесі берген қызметтік тұрғынжайды өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына ақшалай өтемақы алу туралы мәліметтер көрсетілген жұбайының (зайыбының) жұмыс орнынан анықтама;

5) жұбайы (зайыбы) мемлекеттік мекеменің немесе мемлекеттік кәсіпорынның жұмыскері болып табылған жағдайда баянат тіркелген күнге дейін бір ай ішінде алынған мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алғаны туралы мәліметтері бар жұбайының (зайыбының) жұмыс орнынан анықтама;

6) егер бұрынғы қызмет өткеру орны бойынша қызметтік тұрғын үймен қамтамасыз етілген болса, бұрынғы қызмет орны бойынша қызметтік тұрғын үйді тапсырғаны туралы анықтама;

7) ипотекалық ұйымның қызметкермен жасасқан негізгі міндеттемесі орындалмаған ипотекалық шарт туралы анықтамасы;

8) қызметкердің және оның отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

9) балаларының тууы, неке қию (бұзу), отбасы мүшелерінің қайтыс болуы туралы куәліктердің көшірмелері;

10) балаларында он сегіз жасқа толғанға дейін алған мүгедектік болған кезде мүгедектігін растайтын құжаттардың көшірмелері;

11) осы Қағидалардың 48-тармағында көзделген жағдайларда тұрғын үй төлемдерін пайдаланғандығын растайтын құжаттардың көшірмелері;

12) алып отырған тұрғын үйдің алаңын растайтын құжаттардың көшірмелері (тұрғын үй жағдайын жақсарту қажеттігіне байланысты тұрғын үйге мұқтаж деп танылған қызметкерлер үшін ғана);

13) қызметкер тұрғын үйді сатып алған сәтте тұрғын үйге мұқтаж мәртебесі болған жағдайда Заңның 101-5-бабының 3) тармақшасында көзделген мақсаттарға бұрын жүргізілген шығыстарды растайтын құжаттардың көшірмелері;

14) отбасы тұрып жатқан тұрғын үй белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда, қызметкер санитариялық-эпидемиологиялық қызмет ұйымы жүргізген санитариялық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелері бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының түпнұсқасын қосымша ұсынады;

15) отбасы тұрып жатқан тұрғын үй белгіленген техникалық талаптарға сәйкес келмеген жағдайда қызметкер сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы аттестатталған сарапшы берген техникалық қорытындының (тұрғын үйді техникалық тексеру нәтижелері бойынша) түпнұсқасын қосымша ұсынады;

16) жапсарлас, оқшауланбаған тұрғын үй-жайларда екі және одан да көп отбасы тұрып жатқан жағдайларда қызметкер ол тұрып жатқан тұрғын үйдің техникалық паспортының және құқық белгілейтін құжаттың көшірмесін қосымша ұсынады.

Ауруы бойынша жұмыстан шығарылған кезде, егер науқасы қызмет өткеру кезеңінде алынып, әскери-дәрігерлік комиссия қызметкерді қызметке жарамсыз (есептен шығара отырып, жарамсыз) деп таныса, мекеменің кадр бөлімшесі растаған әскери-дәрігерлік комиссия қорытындысының көшірмесі қоса беріледі.

23. Мекеменің жауапты құрылымдық бөлімшесі қызметкердің баянаты тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың осы Қағидалардың 22-тармағының талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады және материалдарды кемінде айына бір рет өтетін мекеменің тұрғын үй комиссиясының отырысына дайындайды.

Ұсынылған құжаттар осы Қағидалардың 22-тармағының талаптарына сәйкес келмеген кезде жауапты құрылымдық бөлімше оларды пысықтау үшін қызметкерге кері қайтарады. Қызметкер бес жұмыс күні ішінде жауапты

құрылымдық бөлімшеге қайта өтініш білдіреді, бұл ретте баянат ол алғашқы тіркелген күні берілді деп есептеледі.

24. Мекеменің тұрғын үй комиссиясы қызметкерді тұрғынжайға мұқтаж деп тану және оған тұрғын үй төлемдерін тағайындау (тұрғын үйге мұқтаж қызметкердің тұрғын үй төлемдерінің есебін және тағайындау күнін белгілеу үшін тұрғын үй аумағының көлемін көрсете отырып) немесе тұрғын үйге мұқтаж деп тану үшін негіздеменің жоқ екені туралы шешім шығарады, ол мекеменің тұрғын үй комиссиясы отырысының хаттамасымен ресімделеді.

25. Қызметкер Заңның 101-3-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес келмеген және (немесе) олар Қағидалардың 22-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайларда тұрғын үй комиссиясы қызметкерді тұрғынжайға мұқтаж деп танудан және оған тұрғын үй төлемдерін тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығарады. Хабарлама немесе мекеме тұрғын үй комиссиясының хаттамаларынан үзінді қызметкердің назарына қол қойғыза отырып жеткізіледі және оның жеке ісіне тігіледі. Тұрғын үй комиссиясы отырыстары хаттамасының көшірмелері және (немесе) олардан үзінділер қызметкердің жазбаша өтінішінің негізінде ғана беріледі.

26. Тұрғын үй төлемдері, қызметкерлерге берілген тұрғынжай (пәтер немесе жеке тұрғын үй) олардың отбасының әрбір мүшесіне пайдалы алаңның он сегіз шаршы метріне сай келмейтін қызметкерлерді қоспағанда, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжай берілген қызметкерлерге жүргізілмейді.

27. Тұрғын үй төлемдері әскери қалашықтардың, шекара заставаларының және өзге де жабық объектілердің аумағындағы немесе жатақханалардағы қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз етілген қызметкерлерге тұрғын үй төлемдері мөлшерінен елу пайыз мөлшерінде жүргізіледі.

28. Мекеменің тұрғын үй комиссиясы тұрғын үй төлемдерін тағайындауға арналған құжаттарды қарап және тұрғын үй төлемдерін алушылардың тізімін бекіткеннен кейін, егер осы Қағидаларда өзгеше көзделмесе, қызметкер қызмет өткеріп жүрген бөлімшенің кадр қызметі осы Қағидаларға 5 және 7-қосымшаларға сәйкес анықтамалар түрінде оны тұрғын үйге мұқтаж деп тану туралы тұрғын үй комиссиясының шешімін, сондай-ақ осы Қағидалардың 22-тармағында көзделген құжаттарды қызметкердің жеке ісіне тігеді.

Жеке арнайы шот ашу үшін осы Қағидаларға 4 және 6-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша қызметкерге мекеменің жауапты құрылымдық бөлімшесі жасаған анықтамалар беріледі.

2-параграф. Ағымдағы тұрғын үй төлемдерін алушылардың тізімін және есебін жасау

29. Мекеменің тұрғын үй комиссиясы шешімінің негізінде мекеменің жауапты құрылымдық бөлімшесі осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы тұрғын үй төлемдерін алушылардың тізімін жасайды.

30. Ағымдағы тұрғын үй төлемдерін алушылардың тізімі негізінде мекеменің қаржы бөлімшесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы тұрғын үй төлемдерін алушылар сомасының есебін дайындайды.

31. Ағымдағы тұрғын үй төлемдерін алушылардың тізімі мен есебі мекеменің жауапты құрылымдық бөлімшесі дайындайтын мекеменің бірінші басшысының бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылымдық бөлімшелері үшін – мекеменің бірінші басшысы орынбасарының бұйрығымен) бекітіледі.

32. Ағымдағы тұрғын үй төлемдерін алушылардың тізіміне және олардың есебіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу олардың отбасы құрамы өзгерген, бір өңірден басқа өңірге көшуіне байланысты қызмет орнын ауыстырған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда жүзеге асырылады.

3-параграф. Біржолғы тұрғын үй төлемдерін алушылардың тізімін және есебін жасау

33. Заңның 101-1-бабының 5 және 6-тармақтарының талаптарына сәйкес мекеменің тұрғын үй комиссиясы шешімінің негізінде мекеменің жауапты құрылымдық бөлімшесі осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біржолғы тұрғын үй төлемдерін алушылардың тізімін жасайды.

34. Біржолғы тұрғын үй төлемдерін алушылар тізімінің негізінде мекеменің қаржы бөлімшесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біржолғы тұрғын үй төлемдерін алушылар сомасының есебін дайындайды.

35. Біржолғы тұрғын үй төлемдерін алушылардың тізімі мен есебі мекеменің жауапты құрылымдық бөлімшесі дайындайтын мекеменің бірінші басшысының бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылымдық бөлімшелері үшін – мекеменің бірінші басшысы орынбасарының бұйрығымен) бекітіледі.

Заңның 101-1-бабының 5-тармағында көзделген негіздеме бойынша біржолғы тұрғын үй төлемдерін алушылардың тізімі мен есебі Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының жүйесіне кіретін мекеменің бірінші басшысының бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылымдық бөлімшелері үшін – мекеменің бірінші басшысы орынбасарының бұйрығымен) бекітіледі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қаржы және жауапты құрылымдық бөлімшелерімен келісіледі.

4-тарау. Тұрғын үй төлемдерін қайта есептеу

36. Ағымдағы тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін қайта есептеу:

1) отбасы құрамы өзгерген, оның ішінде он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедек болған балаларды қоспағанда, балалары кәмелеттік жасқа толған;

2) осы Қағидалардың 48-тармағында көзделген жағдайлардан басқа, бір елді мекеннен басқа елді мекенге көшуіне байланысты қызмет орнын ауыстырған;

3) қызметкер мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй алаңы Заңның 101-1-бабының 1-тармағында белгіленген пайдалы алаң нормасына сәйкес келмеген тұрғын үйді қайтарған;

4) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның ағымдағы жылғы қаңтардағы жағдай бойынша деректеріне сәйкес белгіленетін Қазақстан Республикасының тиісті өңіріндегі абаттандырылған тұрғын үйдің бір шаршы метрін жалға алу құны жыл сайын өзгерген кезде жүргізіледі.

Ағымдағы төлемдердің мөлшерін қайта есептеу, осы тармақтың 4) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тұрғын үй комиссиясы шешімінің және қызметкердің осы Қағидалардың 22-тармағында белгіленген құжаттар қоса берілген баянатының негізінде шығарылатын мекеменің бірінші басшысы бұйрығының негізінде жүзеге асырылады.

Осы тармақтың 4) тармақшасында көзделген ағымдағы тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін қайта есептеу мекеменің бірінші басшысы бұйрығының негізінде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылымдық бөлімшелері үшін ағымдағы тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін қайта есептеу мекеменің бірінші басшысы орынбасарының бұйрығымен бекітіледі.

37. Тұрғын үй төлемдерінің іс жүзіндегі сомасы қызметкер тұрғын үйге мұқтаж деп танылған және тұрғын үй төлемдері тағайындалған күннен бастап есептеледі.

Осы Қағидалардың 36-тармағында айқындалған жағдайларда оқиға іс жүзінде болған сәттен бастап есептеледі.

38. Біржолғы тұрғын үй төлемдерін өткен кезеңге қайта есептеу жүргізілмейді.

5-тарау. Тұрғын үй төлемдерін жүзеге асыру тәртібі

39. Тұрғын үй төлемдеріне арналған жеке арнайы шотты осы Қағидаларға 4 және 6-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша анықтамаларды қосымша бере отырып, "Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016

жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысында көзделген тәртіппен тұрғын үйге мұқтаж деп танылған әрбір қызметкер дербес ашады.

40. Мекеме, қызметкер және банк арасында осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұрғын үй төлемдері туралы үшжақты шарт (бұдан әрі – шарт) жасалады.

Бұл ретте шарт мекеме тарапынан нақты немесе шартты атауы бойынша жасалады.

Шартқа сәйкес мекеме қызметкердің жеке арнайы шотына тұрғын үй төлемдерін аударады, ал банк қызметкерге Заңның 101-5-бабында көзделген мақсаттарға сәйкес тұрғын үй төлемдеріне билік етуге құқық береді.

Мекеменің қаржы бөлімшесі шартты және қызметкердің жеке арнайы шотын осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепке алу журналына тіркейді.

41. Мекеменің қаржы бөлімшесі тұрғын үй төлемдерінің аударылған және төленген сомалары бойынша осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша талдамалық есеп карточкасында есепті жүзеге асырады.

42. Ағымдағы тұрғын үй төлемдері қызмет өткеру орны бойынша ай сайын өткен ай үшін ағымдағы айда жүргізіледі. Желтоқсан айында ағымдағы ай үшін тұрғын үй төлемдері 25-і күнінен кешіктірілмей төленеді.

Қызметке кіру және шығу айында ағымдағы тұрғын үй төлемдері нақты қызмет күндеріне пропорционалды түрде жүзеге асырылады.

43. Қызметкер қызметтен ауысқан, босатылған кезде мекеменің қаржы бөлімшесі талдамалық есеп карточкасының көшірмесін қоса бере отырып, ақша аттестатында оған жүргізілген тұрғын үй төлемдері туралы мәліметті көрсетеді.

44. Арнайы жедел тапсырмаларды орындау үшін айрықша тәртіппен қызмет өткеретін және штаттық жасырын қызметкерлерге тұрғын үй төлемдерін жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарының бірінші басшылары бекітеді.

45. Қызметін өткеру үшін шетелге жіберілген қызметкерлерге тағайындалған тұрғын үй төлемдері шетелде болған барлық уақытында сақталады.

6-тарау. Тұрғын үй төлемдерін тоқтату, тоқтата тұру және қайта жалғастыру тәртібі

46. Тұрғын үй төлемдері Заңның 101-4-бабында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

47. Тұрғын үй төлемдері мекеменің бірінші басшысының бұйрығына (Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылымдық бөлімшелері үшін – мекеменің бірінші басшысы орынбасарының бұйрығына) сәйкес мынадай мерзімдерде:

1) қызметкер арнаулы мемлекеттік органдардан босатылған жағдайларда жеке құрам тізімінен шығарылған күннен бастап;

2) қызметкерлер Заңның 101-5-бабының 1), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген мақсаттарда, сондай-ақ кейіннен сатып алынатын тұрғын үйдің жалға алу төлемдері үшін жасалған шарт бойынша міндеттемені орындамаған жағдайларды қоспағанда, қызметкерлер тұрғын үйге мұқтаж мәртебесінен айырылған күннен бастап;

3) қаза табуына немесе қайтыс болуына, заңда белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз кеткен деп танылуына немесе қайтыс болды деп жариялануына байланысты қызметкер жеке құрам тізімдерінен шығарылған күннен бастап;

4) қызметкер қызметін өткеріп жүрген мекеменің тұрғын үй комиссиясы төрағасының атына алып жүрген тұрғын үй төлемдерінен бас тарту туралы жазған баянатты берген күннен бастап тоқтатылады.

Қызметкердің жеке арнайы шоты жабылған кезде пайдаланылмаған қаражат қалдығын банк мекеменің шотына қайтарады.

Қызметкер орнын ауыстырған кезде тағайындалған тұрғын үй төлемдері – мекеменің бірінші басшысының бұйрығы, ал Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылымдық бөлімшелері үшін мекеменің бірінші басшысы орынбасарының бұйрығы шығарылған күннен бастап тоқтатыла тұрады және осы Қағидалардың 22-тармағында белгіленген құжаттарды тапсырған жағдайда қызметін өткеруге одан әрі келген арнаулы мемлекеттік органның, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың мемлекеттік мекемелері қайта бастайды.

48. Тұрғын үй төлемдерін алушы қызметін одан әрі өткеру үшін басқа өңірге ауысқан жағдайда, егер Заңның 101-5-бабының 1), 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген мақсаттарда, сондай-ақ кейіннен сатып алынатын тұрғын үйдің жалға алу төлемдерін төлеу үшін онымен тиісті шарт жасалса, ағымдағы тұрғын үй төлемдерінің мөлшері алдыңғы қызмет атқарған өңірі бойынша сақталады.

Бұл ретте отбасы құрамы көбею жағына қарай өзгерген жағдайда, отбасы құрамының көбеюіне себепші болған отбасы мүшесіне ағымдағы тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін қайта есептеу қызметкер қызмет атқарып жатқан өңірдегі соманың негізінде жүзеге асырылады.

Тұрғын үй төлемдері мекеменің тұрғын үй комиссиясының шешімі және осы Қағидалардың 22-тармағында белгіленген құжаттармен қоса, қызметкердің баянатының негізінде шығарылған мекеменің бірінші басшысы бұйрығының (Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылымдық бөлімшелері үшін – мекеменің бірінші басшысы орынбасарының бұйрығы) негізінде жүзеге асырылады.

49. Қызметкерге тұрғын үй төлемдері тоқтатылған жағдайда мекеме банкке тұрғын үй төлемдерін тоқтатудың негіздемесін баяндай отырып, хат жолдайды.

7-тарау. Тұрғын үй төлемдері бойынша төлемдерді аударған кезде қате тапқан жағдайда қызметкердің, мекеменің және банктің іс-қимыл жасау тәртібі

50. Тұрғын үй төлемдерін алушы тұрғын үй төлемдерінің сомалары туралы мәлімет алған кезде арнайы жеке шотында төленген тұрғын үй төлемдерінің жекелеген сомасының жоқ екенін анықтағанда мекеменің бірінші басшысына не ол белгілейтін лауазымды адамға қате табылғаны туралы (құқыққа қайшы немесе артық төленген және (немесе) төленбеген тұрғын үй төлемдері) (бұдан әрі – қате аударылған) және тиісті мәліметтер алу және жіберілген қателерді түзету шараларын қабылдау үшін банкке тұрғын үй төлемдерін аударғаны туралы кез келген уақыттағы төлем құжаттарының көшірмесін және жеке өзіне қатысты жеке тұлғалардың тізімі бар төлем құжаттарынан үзіндіні ұсыну туралы баянат жолдайды.

51. Мекеме тұрғын үй төлемдері сомаларын аудару кезінде жол берілген қателерді тапқан немесе алушының қате тапқаны туралы баянатын алған жағдайда мекеме қателерді келесі тұрғын үй төлемдерін аударуды реттеу арқылы түзетеді. Келесі тұрғын үй төлемдерін аударуды реттеу арқылы қатені түзету мүмкін болмаған жағдайда мекеме банкке осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қате аударылған тұрғын үй төлемдерін қайтару туралы өтініш жасайды. Қате аударылған тұрғын үй төлемдерін қайтару туралы өтінішке осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қате аударылған тұрғын үй төлемдерін алған қызметкердің жеке арнайы шотынан қате аударылған соманы алып тастауға келісім беру туралы өтініші қоса беріледі.

52. Қате аударылған тұрғын үй төлемдерін қайтару туралы өтініште: мекеменің атауы және деректемелері (бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), банктік сәйкестендіру коды (БСК), жеке сәйкестендіру коды (ЖСК), қайтару себебі, қателерге жол берілген төлем құжаттарының деректемелері (№, күні және сомасы), сондай-ақ жеке арнайы шотынан кері қайтару жүргізілетін алушының деректемелері және қайтарылуға тиіс жеке сомалар көрсетіледі. Өтінішке бірінші басшы, мекеменің қаржы бөлімшесінің бастығы (бас бухгалтер) қол қоюы және мөрмен куәландырылуы тиіс.

53. Мекеменің қате аударылған тұрғын үй төлемдерін қайтаруға арналған өтініші түскен кезде банк өтінішті алған күннен бастап операциялық он күн ішінде:

1) мекеменің хатында көрсетілген тұрғын үй төлемдерінің қате түсу фактісін тексереді;

2) қате аударылған тұрғын үй төлемдерінің расталған түсімдері бойынша қайтару фактісінің болмауын тексереді;

3) оның жеке арнайы шотына қате түскен ақшаны банктің есептен шығаруына бенефициардың келісімінің болуын тексереді;

4) қате аударылған тұрғын үй төлемдерін мекемеге қайтаруды жүзеге асырады немесе себептерін негіздей отырып, мұндай қайтарудың мүмкін еместігі туралы хабарлайды.

54. Мекемеге қызмет көрсететін банк электрондық төлем тапсырмаларын ресімдеген кезде қате жіберген жағдайда, банк "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жіберілген қателерді реттеу бойынша шаралар қабылдайды.

55. Банктің кінәсі бойынша қате аударылған тұрғын үй төлемдері сомаларын қайтаруға арналған өтініште: атауы мен бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), жеке сәйкестендіру коды (ЖСК), банктік сәйкестендіру коды (БСК), төлем құжаттарының көшірмелері, енгізу күні және қайтару себебі көрсетіледі. Өтінішке бірінші басшы не ол белгілейтін лауазымды адам, мекеменің қаржы бөлімшесінің бастығы (бас бухгалтер) қол қоюы және мөрмен (бар болса) куәландыруы тиіс.

56. Қазынашылықтың аумақтық бөлімшесі банктен тұрғын үй төлемдерінің қате аударылған сомасы түскен күннен бастап операциялық үш күн ішінде мекемеге қате аударылған тұрғын үй төлемдерін қайтару туралы хабарлайды.

57. Қызметкердің жеке арнайы шотында қаражат болмаған жағдайда қызметкер – мекеменің бірінші басшысы бұйрығының, ал Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылымдық бөлімшелері үшін мекеменің бірінші басшысының орынбасары бұйрығының негізінде ағымдағы жылы заңсыз немесе артық төленген тұрғын үй төлемдерін мекеменің кассасына не кейіннен қалпына келтіру үшін екінші деңгейдегі банк арқылы – мекеменің бюджеттік шотына, өткен жылдардағы төлемдер бойынша тиісті бюджет кірісіне аудару үшін қалпына келтіреді.

58. Қызметкер заңсыз немесе артық төленген тұрғын үй төлемдерін қайтарудан бас тартқан жағдайда оны өтеп алу сот тәртібімен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы
арнаулы мемлекеттік
органдарының қызметкерлеріне
тұрғын үй төлемдерінің
мөлшерін есептеу, оларды
тағайындау, қайта есептеу,
жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата
тұру және қайта бастау
қағидаларына
1-қосымша

Р/с №	Бөлімше атауы	Тұрғын үйге мұқтаж адамның Т.А.Ә. (бар болса) (толық)	отбасы мүшеле рі	адам саны, оның ішінде қызметкер	Үміттеніп отырған тұрғын үйдің алаңы (ш.м.)	Біржолғы тұрғын үй төлемдерін есептеу кезеңі (айлар)	Статистикалық уәкілетті органның деректері бойынша өңірдегі тұрғын үйдің 1 шаршы м. жалдау/сатып алу құны (теңгеме н)	бабының 5-тармағында көзделген біржолғы тұрғын үй төлемдерінің сомасы (8-бағанх 9-бағанға) (теңгеме н)	Заңның 101-1-бабының 6-тармағында көзделген біржолғы тұрғын үй төлемдерінің сомасы (теңгеме н)	Заңның 101-9-бабының 2-тармағында көзделген біржолғы тұрғын үй төлемдерінің сомасы (теңгеме н)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1										
Қызметкер бойынша барлығы										
Мекеме бойынша барлығы										

Мекеме бастығы _____ (күні, қолы) (Т.А.Ә. (бар болса))

Қаржы бөлімшесінің бастығы _____ (күні, қолы) (Т.А.Ә. (бар болса))

Ескертпе:

- 1) біржолғы төлемдердің есебін мекеменің қаржы бөлімшесі толтырады;
- 2) 1-7-бағандардағы мәліметтерді осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес мекеменің жауапты құрылымдық бөлімшесі ұсынады.

Қазақстан Республикасы
арнаулы мемлекеттік органдарының
қызметкерлеріне тұрғын үй
төлемдерінің мөлшерін есептеу,
оларды тағайындау, қайта есептеу,
жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру
және қайта бастау қағидаларына
3-қосымша

Қызметкер алуға үміттеніп отырған тұрғын үй алаңының есебі

	Заңның 101-1-бабының	Тұрғын үйдің іс жүзіндегі (бар) пайдалы алаңы (ш.м.)
--	----------------------	--

Р/с №	Қызмет-кердің Т.А.Ә. (бар болса) (толық)	талаптарын а сәйкес қызметкер, оның ішінде отбасы мүшелері үшін тұрғын үйдің пайдалы алаңының нормасы (ш.м.)	барлығы (5-баған+ 7-баған)	қызметкер	отбасы мүшелері		Үміттеніп отырған тұрғын үйдің алаңы 3-баған – 4-баған (ш.м.)
					туыстық дәрежесі	алаң көлемі	
1	2	3	4	5	6	7	8

Кадр бөлімшесінің бастығы _____ (күні, қолы) (Т.А.Ә. (бар болса) 20__ жылғы "___" _____

Ескертпе: қызметкер алуға үміттеніп отырған тұрғын үйдің алаңы туралы мәліметті қызметкер қызмет өткеріп жүрген бөлімшенің кадр қызметі толтырады .

Қазақстан Республикасы
арнаулы мемлекеттік
органдарының
қызметкерлеріне тұрғын үй
төлемдерінің мөлшерін есептеу,
оларды тағайындау, қайта
есептеу, жүзеге асыру, тоқтату,
тоқтата тұру
және қайта бастау қағидаларына
4-қосымша

(мекеменің атауы)

Ағымдағы тұрғын үй төлемдерін алушы туралы анықтама (банкке ұсыну үшін)

(қызметкердің Т.А.Ә. (бар болса) (толық)

Тұрғын үй комиссиясының 20__ жылғы "___" _____ № _____

хаттамасымен 20__ жылғы "___" _____ бастап тұрғын үйге мұқтаж деп танылды.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабының 44-2) тармақшасына сәйкес осы қызметкер тұрғын үй төлемдерін алушы болып табылады.

Ағымдағы тұрғын үй төлемдері _____ теңгені құрайды.

Жауапты құрылымдық бөлімшенің бастығы _____
_____(күні, қолы) (Т.А.Ә. (бар болса)
М.О.

Қазақстан Республикасы
арнаулы мемлекеттік
органдарының
қызметкерлеріне тұрғын үй
төлемдерінің мөлшерін есептеу,
оларды тағайындау, қайта
есептеу, жүзеге асыру, тоқтату,
тоқтата тұру
және қайта бастау қағидаларына
5-қосымша

Ағымдағы тұрғын үй төлемдерін алушы туралы анықтама

(қызметкердің жеке ісіне қоса тігу үшін) _____
_____(қызметкердің Т.А.Ә. (бар болса) (толық)

Тұрғын үй комиссиясының 20 ____ жылғы " ____ " _____ № _____
хаттамасымен және _____ бұйрығымен
(мекеменің бірінші басшысы, күні, бұйрық нөмірі)

20 ____ жылғы " ____ " _____ бастап тұрғын үйге мұқтаж
деп танылды.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан
Республикасы Заңының 2-бабының 44-2) тармақшасына сәйкес осы қызметкер
тұрғын үй төлемдерін алушы болып табылады.

Ағымдағы тұрғын үй төлемдері _____ теңгені құрайды.

Тұрғын үйге мұқтаж деп танылған отбасы мүшелері туралы мәліметтер

Р/с №	Қызметкердің Т.А.Ә. (бар болса) (толық)	Қызметкердің отбасы мүшелері	Туған күні	Тұрғын үйге мұқтаж деп танылған күні	Туыстық дәрежесін растайтын құжат
1	2	3	4	5	6

Кадр бөлімшесінің бастығы _____ (күні,
қолы) (Т.А.Ә. (бар болса) 20 ____ жылғы " ____ " _____.

Ескертпе: осы анықтаманы қызметкер қызмет өткеріп жүрген бөлімшенің
кадр қызметі толтырады және оның басшысы қол қояды.

Қазақстан Республикасы
арнаулы мемлекеттік
органдарының
қызметкерлеріне тұрғын үй
төлемдерінің мөлшерін есептеу,
оларды тағайындау, қайта

есептеу, жүзеге асыру, тоқтату,
тоқтата тұру
және қайта бастау қағидаларына
6-қосымша

Біржолғы тұрғын үй төлемдерін алушы туралы анықтама (банкке ұсыну үшін)

_____ (қызметкердің Т.А.Ә. (бар болса) (толық)
Тұрғын үй комиссиясының 20____ жылғы "____" _____ №_____

_____ хаттамасымен 20____ жылғы "____" _____ бастап тұрғын үйге мұқтаж деп танылды.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабының 44-2) тармақшасына сәйкес осы қызметкер тұрғын үй төлемдерін алушы болып табылады.

Жауапты құрылымдық бөлімшенің бастығы _____
_____ (күні, қолы) (Т.А.Ә. (бар болса) М.О.

Қазақстан Республикасы
арнаулы мемлекеттік
органдарының
қызметкерлеріне тұрғын үй
төлемдерінің мөлшерін есептеу,
оларды тағайындау, қайта
есептеу, жүзеге асыру, тоқтату,
тоқтата тұру
және қайта бастау қағидаларына
7-қосымша

2013 жылғы 1 қаңтарға біржолғы тұрғын үй төлемдерін алушы туралы анықтама (қызметкердің жеке ісіне тігу үшін)

_____ (қызметкердің Т.А.Ә (бар болса) (толық)
Тұрғын үй комиссиясының 20____ жылғы "____" _____ №_____

_____ хаттамасымен және _____
бұйрығымен (мекеменің бірінші басшысы, күні, бұйрық нөмірі)
20____ жылғы "____" _____ бастап тұрғын үйге мұқтаж деп танылды.
20____ жылғы "____" _____ №_____ баянаттың негізінде және "
Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабының 44-2) тармақшасына сәйкес осы қызметкер тұрғын үй төлемдерін алушы болып табылады.

2013 жылғы 1 қаңтарға еңбек сіңірген жылдары ____ жыл ____ ай ____ күнді құрады.

Қызмет өткеру туралы мәліметтер

P/c №	Қызмет кезеңі	Қызмет өткеру туралы бұйрықтардың нөмірлері	Қазақстан Республикасының өңірі
1	2	3	4

Тұрғын үйге мұқтаж деп танылған отбасы мүшелері туралы мәліметтер

P/c №	Т.А.Ә. (бар болса) (толық)	Қызметкердің отбасы мүшелері	Туған күні	Тұрғын үйге мұқтаж деп таныған күні	Туыстық дәрежесін растайтын құжат
1	2	3	4	5	6
1					

Мекеме бастығы _____ (күні, қолы) (Т.А.Ә. (бар болса) Тұрғын үй комиссиясының төрағасы _____ (күні, қолы) (Т.А.Ә.) (бар болса) Жауапты құрылымдық бөлімшенің бастығы _____ (күні, қолы) (Т.А.Ә.) (бар болса)

Ескертпе: тұрғын үй төлемдерін алушы және оның отбасы мүшелері туралы мәліметтерді қызметкер қызмет өткеріп жүрген бөлімшенің кадр қызметі толтырады.

Қазақстан Республикасы
арнаулы мемлекеттік
органдарының
қызметкерлеріне тұрғын үй
төлемдерінің мөлшерін есептеу,
оларды тағайындау, қайта
есептеу, жүзеге асыру, тоқтату,
тоқтата тұру және қайта бастау
қағидаларына
8-қосымша

_____ бойынша (мекеменің атауы)

ағымдағы тұрғын үй төлемдерін алушылардың тізімі

P/c №	Бөлімшенің атауы	Т.А.Ә.(бар болса) (толық)	Отбасы құрамы		Үміттеніп отырған тұрғын үй алаңы (3-қосымшаның 8-бағанынан) (ш.м.)
			отбасы мүшелері	адам саны, оның ішінде қызметкер	
1	2	3	4	5	6

Қызметкер бойынша барлығы			
Мекеме бойынша барлығы			

Мекеме бастығы _____ (қолы, күні) (Т.А.Ә.(бар болса) Тұрғын үй комиссиясының төрағасы _____ (қолы, күні) (Т.А.Ә.(бар болса) Жауапты құрылымдық бөлімшенің бастығы _____ (қолы, күні) (Т.А.Ә.(бар болса)

Ескертпе: ағымдағы тұрғын үй төлемдерін алушылардың тізімін қызметкер қызмет өткеріп жүрген бөлімшенің кадр қызметі толтырады.

Қазақстан Республикасы
арнаулы мемлекеттік
органдарының қызметкерлеріне
тұрғын үй төлемдерінің
мөлшерін есептеу, оларды
тағайындау, қайта есептеу,
жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата
тұру және қайта бастау
қағидаларына
9-қосымша

Біржолғы тұрғын үй төлемдерін алушылардың тізімі

"Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабының 44-2) тармақшасына сәйкес аталған қызметкер _____ бойынша біржолғы тұрғын үй төлемдерін алушы болып табылады. (мекеме атауы)

Р/с №	Бөлімше атауы	Тұрғын үйге мұқтаж адамның Т.А.Ә. (толық)	2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әскери еңбек сіңірген жылдары (қызмет өтілі)	Қызметкердің тұрғын үйге мұқтаж деп тану күні (күні, айы, жылы)	Отбасы құрамы			Біржолғы тұрғын үй төлемін төлеу кезеңі 8-баған -5-баған (айлар)	Үміттеніп отырған тұрғын үй алаңы (3 - қосымшаның 8-бағаны (шаршы м.))
					отбасы мүшелері	қызметкерді қоса есептегендегі адам саны	отбасы құрамының өзгеру уақыты, туыстық қатынасы		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Қызметкер бойынша барлығы									
Мекеме бойынша барлығы									

Мекеме бастығы _____ (күні, қолы) (Т.А.Ә. (бар болса) Тұрғын үй комиссиясының төрағасы _____

_____ (күні, қолы) (Т.А.Ә. (бар болса) Жауапты құрылымдық бөлімшенің бастығы _____ (күні, қолы) (Т.А.Ә. (бар болса)

Ескертпе: біржолғы тұрғын үй төлемдерін алушылардың тізімін мекеменің жауапты құрылымдық бөлімшесі толтырады.

Қазақстан Республикасы
арнаулы мемлекеттік
органдарының қызметкерлеріне
тұрғын үй төлемдерінің
мөлшерін есептеу, оларды
тағайындау, қайта есептеу,
жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата
тұру және қайта бастау
қағидаларына
10-қосымша

Тұрғын үй төлемдері туралы шарт

Бұдан әрі "банк" деп аталатын _____ банкінің атынан _____ негізінде әрекет ететін _____, бұдан әрі " _____ " деп аталатын (бұдан әрі – мекеме) мемлекеттік мекеменің атынан Ереженің негізінде әрекет ететін _____ және бұдан әрі қызметкер деп аталатын _____ берілген № _____ жеке куәліктің негізінде әрекет ететін _____ мекеменің қызметкері, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар төмендегі туралы осы шартты (бұдан әрі – шарт) жасасты:

1. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) тұрғын үй төлемдері – бұл Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлеріне мемлекеттік бюджет есебінен "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 13-1-тарауында көзделген жағдайларда арнаулы ақшалай қамтамасыз ету түрінде төленетін, өңірлер және отбасы құрамы бойынша сараланған ақшалай қаражаттың көлемі. Тұрғын үй төлемдері ағымдағы және біржолғы төлемдерден тұрады;

2) ағымдағы тұрғын үй төлемдері – қызметкерлерге ай сайынғы негізде жүзеге асырылатын тұрғын үй төлемдері;

3) біржолғы тұрғын үй төлемдері – Заңның 101-1-бабының 5 және 6-тармақтарында көзделген жағдайларда жүзеге асырылатын біржолғы сипаттағы төлемдер;

4) Қағидалар – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20__ "___" _____ № _____ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидалары.

2. Шарттың нысанасы

2.1. Банк қызметкер анықтаманы (Қағидалардың 4 және 6-қосымшалары), мекеме және қызметкер қол қойған шартты және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес ағымдағы шотты ашуға қажетті құжаттарды бергеннен кейін қызметкердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылығының аумақтық бөлімшесінде ашылған мекеменің тиісті шотынан тұрғын үй төлемдерін (бұдан әрі – ақшасын) алуы үшін теңгедегі ағымдағы жеке арнайы банктік шот (бұдан әрі – шот) ашады.

2.2. Мекеме тұрғын үй төлемдері ретінде көзделген ақша қаражаттарын қызметкердің банкте ашылған жеке арнайы шотына аударады.

2.3. Қызметкер тұрғын үй төлемдерін Заңның 101-5-бабында көзделген мақсаттарға пайдаланады.

2.4. Банк қызметкердің шотынан оның нұсқауының негізінде тұрғын үй төлемдерін аударуды жүзеге асырады. Төлем құжатында Заңның 101-5-бабында көзделген оларды пайдалану мақсаттары көрсетіледі.

Бұл ретте төлем құжатында оларды бағыттау мақсаттары да көрсетіледі.

2.5. Шотты ашуды, жабуды, жүргізуді, сондай-ақ шот бойынша операцияларды өткізуді "Төлемдер мен төлемдер жүйесі туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, "Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысына, Қағидаларға, банктің ішкі құжаттарына және шартқа сәйкес банк, мекеме және қызметкер жүзеге асырады.

3. Шотты жүргізу

3.1. Банк шот бойынша мынадай операцияларды жүзеге асырады және оған қызмет көрсетуге байланысты банктік қызметтерді көрсетеді:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылығының аумақтық бөлімшесінде ашылған мекеменің тиісті шотынан қолма-қол ақшасыз төлем арқылы келген теңгедегі тұрғын үй төлемдерін шотқа есептейді;

2) осы шарттың 2.4-тармағына сәйкес шоттан ақшаны аударуды жүзеге асырады;

3) Қағидалардың 7-бөлімінде белгіленген тәртіпке сәйкес шот бойынша операцияларды тоқтата тұруды жүргізеді;

4) қызметкердің жазбаша келісімімен оның талабы бойынша мекемеге, сондай-ақ қызметкерге шотта қалған ақша туралы және/немесе ақшаның шот бойынша қозғалысы туралы анықтамалар береді;

5) Қағидалардың 7-бөлімінде белгіленген тәртіпке сәйкес мекеме қате аударған ақшаны шоттан қайтаруды жүргізеді;

Осы тармақта көрсетілмеген операцияларды банк шот бойынша өткізбейді.

3.2. Банк шоттан қолма-қол ақшаны бермейді.

3.3. Қағидалардың 7-бөлімінде белгіленген тәртіпке сәйкес мекеме қате аударған ақшаны шоттан қайтару кезіндегі комиссия шығындарын қоспағанда, шотты ашу, қызмет көрсету және ол бойынша операцияларды өткізу үшін комиссияны төлеу күні қолданыстағы банк тарифіне сәйкес қызметкер өзі төлейді. Мұндай жағдайда мекеме қате аударған ақшаны шоттан қайтару кезіндегі комиссия шығындары мекеменің есебінен банктің есеп айырысу шотына аудару арқылы жүргізіледі.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Мекеме Қағидалар мен осы шартқа сәйкес қызметкердің жеке арнайы шотына тұрғын үй төлемдерін аударуға міндеттенеді.

4.2. Мекеме қате аударылған тұрғын үй төлемдерін Қағидалардың 7-бөлімінде белгіленген тәртіппен қайтарып алуға құқылы.

4.3. Қызметкер:

1) тұрғын үй төлемдерін Заңның 101-5-бабында көзделген мақсаттарға бағыттауға;

2) отбасы құрамы өзгерген кезде бұл туралы азаматтық хал актілерінде тіркелген және әділет органдарында тиісті куәлік алған күннен бастап, сондай-ақ он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедек болған балаларды қоспағанда, балалары кәмелеттік жасқа толған күннен бастап 10 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде мекемені хабардар етуге;

3) тұрғын үйге мұқтаж мәртебесінен айырылған, сондай-ақ Заңның 101-5-бабының 1), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген мақсаттарда, сондай-ақ кейіннен сатып алынатын тұрғын үйдің жалға алу төлемдері үшін жасалған шарт бойынша міндеттемелерді орындаған кезде бұл туралы тұрғын үйге мұқтаж мәртебесінен айырылған және осы міндеттемелер орындалған күннен бастап 10 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде мекемені хабардар етуге;

4) шоттан ақша алушымен шартты бұзған жағдайда мақсатына қарай пайдаланылмаған ақша қаражаттарын жеке арнайы шотқа қайтару бойынша шаралар қолдануға міндетті.

4.4. Қызметкер:

1) жеке арнайы шотта пайдаланылмаған тұрғын үй төлемдерінің сомаларын жинақтауға;

2) тұрғын үй төлемдерін олардың мақсаты бойынша қайда қызмет өткеріп жатқанына қарамастан, Қазақстан Республикасының кез келген өңірінде пайдалануға;

3) мекеме мен банктің келісімімен тұрғын үй төлемдерінің пайдаланылмаған сомаларын осы шартқа қосымша келісім жасау арқылы бір банктен басқасына, оның ішінде бір банк шегінде оның филиалдары арасында аударуға құқылы.

4.5. Банк қызметкердің операциялары бойынша құпиялылыққа кепілдік береді.

4.6. Қағидалардың 7-бөлімінде белгіленген тәртіпке сәйкес қызметкер банкке қызметкердің қосымша келісімінсіз (акцептсіз) мекеме құқыққа қайшы немесе артық төленген ақшаны есептен шығаруға құқылы.

4.7. Қызметкер өз деректерінің (жеке басын куәландыратын құжаттарының деректері, ЖСН, тұратын мекенжайы, телефон нөмірі, e-mail электрондық мекенжайы, факс нөмірі және банкке жолданған құжаттардағы басқа да мәліметтерінің) өзгеруі туралы банкке олар өзгерген сәттен бастап 5 (бес) күннен кешіктірмей жазбаша хабарлауға міндеттенеді.

5. Есеп айырысу тәртібі

5.1. Тұрғын үй төлемдеріне арналған жеке арнайы шотты тұрғын үйге мұқтаж деп танылған әрбір қызметкер өзі ашады.

6. Дауларды шешу тәртібі

6.1. Осы шарт бойынша Тараптар арасында туындаған даулардың барлығы келіссөздер арқылы 10 (он) жұмыс күні ішінде шешіледі.

6.2. Тараптар келіссөздер жүргізу арқылы келісімге келмеген кезде, даулар мүдделі Тараптың бастамасымен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген сот тәртібімен қаралады.

7. Қосымша шарттар

7.1. Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар олар жазбаша түрде жасалған және Тараптар қол қойған жағдайда жарамды.

7.2. Осы шарт Тараптардың келісімімен ғана бұзылуы мүмкін.

7.3. Осы шарт Заңның 101-4-бабында көзделген жағдайларда мекеменің бастамасымен, сондай-ақ негізінде қызметкер тұрғын үй төлемдерін алушы деп танылған мекеме актісінің күші жойылған жағдайда бұзылуы мүмкін.

7.4. Осы шарт заңдық күші бірдей, әрбір Тарапқа бір-бірден үш данада жасалды.

7.5. Осы шарт оған Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

7.6. Осы шарттың талаптары құпия болып табылады.

8. Тараптардың жауапкершілігі. Жауапкершілікті алып тастау

8.1. Тараптар осы шарт бойынша өздеріне алған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, сондай-ақ Тараптардың келісімінсіз мәліметтерді жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

8.2. Кез келген жағдайларда шарттың талаптары бұзылған кезде банктің жауапкершілігі банктің заңсыз әрекетімен/әрекетсіздігімен қызметкерге келтірілген нақты залалдың мөлшерімен шектеледі.

8.3. Тұрғын үй төлемдері Заңның 101-5-бабында көзделмеген өзге мақсаттарға аударылған жағдайларды қоспағанда, қызметкер ұсынған шарттың мазмұны, түпнұсқалығы және нақтылығы үшін банк жауапты болмайды.

8.4. Қызметкер шот бойынша үзіндіде көрсетілген шот бойынша операцияларды даулау туралы өтінішті мұндай операция өткізілген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде беруге құқылы.

9. Әртүрлі

9.1. Шоттың құқықтық режимі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленеді.

9.2. Шарт шартқа сәйкес шот жабылғанға дейін қолданылады.

9.3. Шотты жабу Тараптардың келісімі бойынша жүргізіледі.

9.4. Қызметкер банктің мекемеге шот нөмірі, шот бойынша ақшаның қозғалысы, шотты жабу және шартта көзделген тәртіп пен талаптар бойынша өзге де мәліметтерді беруіне өз келісімін береді.

9.5. Қызметкер тұрғын үй төлемдері туралы басқа банкпен шарт жасасқан жағдайда осы шартқа сәйкес аталған банктік шот жабылуға тиіс.

9.6. Қызметкер шартта көзделген тәртіпте және шарттарда банктің шоттың нөмірі, шот бойынша ақшаның қозғалысы, шоттың жабылуы туралы ақпаратты және өзге де мәліметтерді мекемеге ұсынуына өзінің келісімін береді.

10. Шартты өзгерту тәртібі

10.1. Осы шартқа өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісімге қол қою арқылы енгізіледі.

11. Форс-мажор

11.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау күтпеген жағдайлардың, атап айтқанда, орындауға тікелей әсер еткен қауіпті табиғи құбылыстар, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, эпидемия, соғыс іс-қимылдары салдарынан болса, Тараптар шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

12. Тараптардың орналасқан жері мен төлем деректемелері

Мекеме:	Банк:	Қызметкер:
_____	_____	_____
(толық атауы)	(толық атауы)	(Т.А.Ә.) (бар болса) (толық)
_____	_____	_____
(мекенжайы)	(мекенжайы)	_____
_____	_____	_____
(телефон)	(телефон)	(мекенжайы)
_____	_____	_____
(Т.А.Ә.) (бар болса)	(Т.А.Ә.) (бар болса)	(телефон)
_____	_____	_____
(қолы)	(қолы)	(қолы)
20 __ жылғы " __ " _____	20 __ жылғы " __ " _____	20 __ жылғы " __ " _____
М.О.	М.О.	М.О.

Қазақстан Республикасы
арнаулы мемлекеттік органдарының
қызметкерлеріне тұрғын үй
төлемдерінің мөлшерін есептеу,
оларды тағайындау, қайта есептеу,
жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру
және қайта бастау қағидаларына
11-қосымша

Қызметкерлердің тұрғын үй төлемдері және жеке арнайы шоттары туралы шарттарды тіркеу журналы

Р/с №	Тіркеу күні	Тұрғын үй төлемдерін алушы қызметкердің Т.А.Ә. (бар болса) (толық)	Тұрғын үй төлемдері туралы шарт		Банктің атауы	Қызметкердің жеке арнайы шотының нөмірі
			күні	№		

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

20 _____ ж. " _____ " _____ (күні) (қала, ауыл)

Ескертпе: қызметкерлердің тұрғын үй төлемдерін және жеке арнайы шоттары туралы шарттарды тіркеу журналын мекеменің қаржы бөлімшелері толтырады

Қазақстан Республикасы
арнаулы мемлекеттік
органдарының қызметкерлеріне
тұрғын үй төлемдерінің
мөлшерін есептеу, оларды
тағайындау, қайта есептеу,
жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата
тұру және қайта бастау
қағидаларына
12-қосымша

Тұрғын үй төлемдерін алушының № _____ талдамалық есепке алу карточкасы

ЖСН _____

Жеке арнайы шоттың нөмірі _____

Банктің атауы _____

_____ (қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (толық)

Тұрғын үй комиссиясының 20 _____ жылғы " _____ " _____ № _____

хаттамасымен және _____ бұйрығымен

(мекеменің бірінші басшысы, күні, бұйрық нөмірі) 1) 20 _____ жылғы " _____ " _____

бастап тұрғын үйге мұқтаж деп танылды; (күні) 2) ағымдағы тұрғын

үй төлемдері _____ теңгені құрайды; (сома) 3) біржолғы тұрғын үй

төлемдері _____ теңгені құрайды. (сома)

келесі беті

Р/с №	Кезең	Басындағы сальдо (теңгемен)	Бір айда аударылған (теңгемен)	Аударылды			Соңындағы сальдо
				Сома (теңгемен)	төлем құжатының нөмірі, күні	төлем құжатының сомасы	
1	2	2	3	4	5	6	7
1	Қаңтар						
2	Ақпан						
3	Наурыз						
4	Сәуір						
5	Мамыр						
6	Маусым						

7	Шілде						
8	Тамыз						
9	Қыркүйек						
10	Қазан						
11	Қараша						
12	Желтоқсан						
	ЖИЫНЫ						

Мекеме бастығы _____ (күні, қолы) (Т.А.Ә.(бар болса) Қаржы бөлімшесінің бастығы _____ (күні, қолы) (Т.А.Ә.(бар болса) Орындаушы _____ (күні, қолы) (Т.А.Ә.(бар болса)

Ескертпе: тұрғын үй төлемдерін алушының талдамалық есепке алу карточкасын мекеменің қаржы бөлімшесі толтырады.

Қазақстан Республикасы
арнаулы мемлекеттік
органдарының қызметкерлеріне
тұрғын үй төлемдерінің
мөлшерін есептеу, оларды
тағайындау, қайта есептеу,
жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата
тұру және қайта бастау
қағидаларына
13-қосымша
Банктің басшысы
кімге _____

Мекеменің тұрғын үй төлемдерінің қате аударылған сомаларын қайтару туралы өтініші

1. Тұрғын үй төлемдерін төлеушінің деректемелері

1.1 _____
(мекеменің атауы)

1.2 БСН _____

1.3 БИК _____

1.4 ЖСК _____

2. Қате аударылған төлем тапсырмасының деректемелері

2.1 № _____

2.2 20 ____ ж. " ____ " _____ № _____

2.3 Төлем тапсырмасының жалпы сомасы _____

3. Тұрғын үй төлемдерін алушы қызметкердің деректемелері _____

3.1 Тегі _____

3.2 Аты _____

3.3 Әкесінің аты (бар болса) _____

3.4 Туған күні _____

3.5 ЖСН _____

3.6 Жеке арнайы шотының нөмірі _____

3.7 Тұрғын үй төлемдерін алушының төлем сомасы _____

3.8 Қайтарылуға тиіс сома _____

4. Қайтару себебі _____

(қайтаруды талап ететін себебі көрсетілсін,
мысалы, қызметкер жұмыстан шығарылды, механикалық қате,
банктің қатесі және т.б.)

Қайтаруды мынадай деректемелер бойынша жүргізуді сұраймыз:

Мекеме _____

БСН _____

БИК _____

ЖСК _____

5. Мекеменің басшысы _____

(Т.А.Ә. (бар болса), қолы)

6. Қаржы бөлімшесінің бастығы _____

(Т.А.Ә. (бар болса), қолы)

7. Бас бухгалтер _____

(Т.А.Ә. (бар болса), қолы)

М.О.

Қазақстан Республикасы
арнаулы мемлекеттік
органдарының қызметкерлеріне
тұрғын үй төлемдерінің
мөлшерін есептеу, оларды
тағайындау, қайта есептеу,
жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата
тұру және қайта бастау
қағидаларына
14-қосымша

**Тұрғын үй төлемдерін алушының жеке арнайы шотынан қате есептелген сомаларды
есептен шығаруға оның келісімі туралы өтініш**

Мен _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні)

ЖСН _____

_____сомадағы (лардағы)

(сома жазбаша)

(қате есептелген тұрғын үй төлемдерін бірнеше төлем тапсырмалары бойынша қайтару қажет болған жағдайда әр төлем тапсырмасына қайтарылуы тиіс сомалар бөлек көрсетіледі) менің жеке арнайы шотыма қате аударылған тұрғын үй төлемдерін қайтаруға келісім беремін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК